6-үдеріс - мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжатты (қызметті алушының сұрауын) "электрондық үкіметтің" шлюзі / "электрондық үкіметтің" өңірлік шлюзі арқылы жергілікті атқарушы орган (ЖАО) ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – ЖАО АЖ) жіберу және жауапты маманның электрондық мемлекеттік қызметті өңдеуі;

7-үдеріс – бөлімнің жауапты маманының мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін (қызметті көрсету нәтижесі – адамдарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға жолдама беру, онда мыналар қамтылады: 1) жұмысқа орналасуға жолдама; 2) қоғамдық жұмыстарға жолдама; 3) адамдарға кәсіби даярлауға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға жолдама; 4) әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасуға жолдама; 5) жастар практикасына жолдама; 6) адамдарға кәсіби бағдарлануға тегін қызметтер көрсетуді қамтитын жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысуға жолдаманы) қалыптастыруы. Электрондық құжатты бөлімнің жауапты маманы ЭЦҚ-ны пайдалана отыра қалыптастырады және ХҚО-ның ақпараттық жүйесіне жібереді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге қатыстырылатын ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимылының диаграммасы осы регламенттің 4-қосымшасында (диаграмма) берілген.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің , көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібінің сипаттамасы осы регламенттің 5-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-үдерістерінің анықтамалығында көрсетіледі.

Ескерту. 4-бөлім 2-тармақпен толықтырылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 26.08.2014 N 279/8 (жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Адамдарға жұмыспен қамтуға
жәрдемдесудің
белсенді шараларына қатысуға
жолдамалар
беру" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет регламентіне
1-қосымша

Көрсетілетін қызметті берушінің атауы және байланыс деректері

P/c №	Арнайы комиссияның жұмыс органының атауы	Байланыс деректері
1	"Павлодар қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Павлодар қаласы, Кривенко көшесі, 25-үй телефон: 8(7182) 323332 opr.osz.ap@pavlodar.gov.kz
2	"Екібастұз қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Екібастұз қаласы Ленин көшесі, 36 б-үй, телефон: 8(71877)70455 zan_ekibastuz@mail.ru
3	"Ақсу қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Ақсу қаласы, Советов көшесі, 10-үй телефон: 8(71837) 50105 zanak@yandex.ru
4	"Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Ақтоғай ауданы Абай көшесі, 118-үй телефон: 8(71841)21173 aktogai_sozprog@mail.ru
5	"Баянауыл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Баянауыл ауданы Сәтбаев көшесі, 56-үй телефон: 8(71840)91481 pavlzan@yandex.ru
6	"Железин ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Железин ауданы Квитков көшесі, 7-үй телефон: 8(71831)22146 gelez_oszn@mail.ru
7	"Ертіс ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Ертіс ауданы Бөгембай көшесі, 97-үй телефон: 8(71832)21474 irtyskh@yandex.ru
8	"Качир ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Качир ауданы Елгин көшесі, 139-үй телефон: 8(71833) 21371 kachirrouz@mail.ru
9	"Лебяжі ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Лебяжі ауданы Мир көшесі, 7-үй телефон: 8(71839) 21399 AKKU@yandex.ru
10	"Май ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Май ауданы Уәлиханов көшесі, 34-үй телефон: 8(71838)91434 center5556@rambler.ru
11	"Павлодар ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Павлодар қаласы Генерал Дүйсенов көшесі, 1-үй телефон: 8(7182)533133 defence6@mail.ru defence6@rambler.ru
12	"Успен ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Успен ауданы 10 лет Независимости көшесі, 27-үй телефон: 8(71834)91400 zanusp@mail.ru
13	"Шарбақты ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Шарбақты ауданы 1 Май көшесі, 18-үй телефон: 8 (71836)21354 sherb_zanet@mail.ru

"Адамдарға жұмыспен қамтуға
жәрдемдесудің
белсенді шараларына қатысуға
жолдамалар
беру" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет регламентіне
2-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау


1) Көрсетілетін қызметті берушіге өтініш білдірген кезде:

Негізгі рәсімнің (жұмыс барысының, ағынының) іс-қимылы			
Іс-қимылдың (жұмыс барысының, ағынының) №	1	2	
2 Атауы	Көрсетілетін қызметті берушінің бас маманы	Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы	Көрсетілетін қызметті берушінің бас маманы
3 Іс-қимылдың (үдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және оның сипаттамасы	Ұсынылған құжаттарды қабылдау және тексеру. Кіріс құжаттар журналына тіркеу	Құжаттарды қарау	Жолдама беруді жүзеге асыру
4 Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім)	Жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысуға жолдама дайындау	Жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысуға жолдамаға қол қою	Көрсетілетін қызметті алушыға жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысуға жолдама беру
5 Орындау мерзімдері	20 минуттың ішінде	5 минуттың ішінде	5 минуттың ішінде

"Адамдарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға жолдамалар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне
3-қосымша


Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттауды көрсететін блок-сызба

1) көрсетілетін қызметті берушіге өтініш білдірген кезде:



"Адамдарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға жолдамалар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 4-қосымша

Портал арқылы электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі функционалдық іс-қимылдың диаграммасы



Шартты белгілер:



Бастапқы хабарлама



Аяқтаушы хабарлама




Ақпараттық орта



Үдеріс



Шарт



Басқару ағыны



Хабарламалар ағыны




Соңғы тұтынушыға электрондық құжат

"Адамдарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді нысандарына қатысуға жолдамалар беру" мемлекеттік көрсетілетін

"Адамдарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді нысандарына қатысуға жолдамалар беру" мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы

Ескерту. Регламент 5-қосымшамен толықтырылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 26.08.2014 N 279/8 (жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.



- - мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы мен аяқталуы;
- - көрсетілетін қызметті алушы рәсімнің (іс-қимылының) және (немесе) ҚФБ атауы;
- ◆ - таңдау нұсқасы;
- - келесі рәсімге (іс-қимылға) өту

"Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру, қайта ресімдеу және ұзарту"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. "Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру, қайта ресімдеу және ұзарту" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) "Павлодар облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Сондай-ақ мемлекеттік қызмет:

www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесі:

көрсетілетін қызметті алушыға (жұмыс берушіге) шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру, қайта ресімдеу және ұзарту;

көрсетілетін қызметті алушыға (шетелдік қызметкерге) жұмысқа орналасуға рұқсат беру, қайта ресімдеу және ұзарту болып табылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

1. Мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі рәсімді (іс-қимылды) бастау үшін негіздеме:

көрсетілетін қызметті алушы (жұмыс беруші) шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат алу немесе қайта ресімдеу үшін:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 217 қаулысымен бекітілген "Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру, қайта ресімдеу және ұзарту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі - Стандарт) 1-

қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) маусымдық шетелдік қызметкерлерді тартқан кезде – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тартылатын шетелдік қызметкерлер туралы мәліметтер;

өзге де шетелдік қызметкерлерді тартқан кезде:

3) өткен және ағымдағы күнтізбелік жылдар үшін берілген рұқсаттардың орындалу мерзімі жеткен ерекше шарттарының (олар бар болған кезде) орындалуы туралы (еркін нысанда) ақпарат;

4) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тартылатын шетелдік қызметкерлер туралы мәліметтер;

тартылатын шетелдік қызметкерлердің біліктілігін растайтын құжаттар:

5) Қазақстан Республикасының күшіне енген халықаралық шарттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңдастырылған білімі туралы құжаттардың сканерленген түрінде нотариат куәландырған аудармасы (егер құжат мемлекеттік немесе орыс тілдерінде толтырылған болса, көшірмелері);

6) қызметкер бұрын жұмыс істеген жұмыс берушісінің ресми бланкісінде жазылған қызметкердің еңбек қызметі туралы сканерленген түрінде жазбаша растауы қоса берілген қызметкердің еңбек қызметі туралы ақпарат (тиісті кәсіп бойынша жұмыс өтілі жөнінде біліктілік талаптары болған кезде) немесе Қазақстан Республикасында танылатын өзге де растаушы құжаттар;

7) шетелдік жұмыс беруші мен тартылатын шетелдік қызметкер арасында жасалған еңбек шартының (мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен) сканерленген түрінде нотариат куәландырған көшірмесі (егер шетелдік заңды тұлға – жұмыс беруші Қазақстан Республикасындағы қызметін филиал, өкілдік құрмай жүзеге асыратын болса, өз қызметкерлерін келісімшарт бойынша жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету үшін Қазақстан Республикасына жібереді);

8) жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету үшін жасалған келісімшарттың (мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен) сканерленген түрінде нотариат куәландырған көшірмесі (егер шетелдік заңды тұлға – жұмыс беруші Қазақстан Республикасындағы қызметін филиал, өкілдік құрмай жүзеге асыратын болса, өз қызметкерлерін келісімшарт бойынша жұмысты орындау, қызметтер көрсету үшін Қазақстан Республикасына жібереді);

9) жұмыс берушінің басқа әкімшілік-аумақтық бірліктер аумағында жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге арналған шартының, келісімшартының (мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен) сканерленген түрінде нотариат куәландырған көшірмесі (шетелдік қызметкерлердің функционалдық міндеттерін күнтізбелік бір жыл ішінде

күнтізбелік алпыс күннен артық бірнеше әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында орындауы қажет болған жағдайда);

10) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес кадрлардағы жергілікті қамту туралы ақпарат (мына адамдарды қоспағанда: шағын кәсіпкерлік субъектілері, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындар, шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға, шетелдік заңды тұлғалардың өкілдіктеріне, сондай-ақ басым жобалар мен шығу елдері бойынша квоталар шегінде, арнайы экономикалық аймақтың аумағында берілетін рұқсаттар);

11) ауыстырылатын қызметкерлердің кәсіптерін немесе мамандықтарын, паспортта немесе жеке куәлікте көрсетілген деректерге сәйкес тегін, атын, әкесінің атын, ауыстыру мерзімін көрсете отырып, корпоративтік ауыстыру (егер шетелдік қызметкер корпоративтік ауыстыру шеңберінде тартылса) туралы шетелдік заңды тұлға берген хаттың және (немесе) келісімнің (мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен) нотариат куәландырған аудармасы;

12) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшада белгіленген нысан бойынша рұқсат берудің ерекше шарттарын келісу;

көрсетілетін қызметті алушы (жұмыс беруші) шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты ұзарту үшін:

1) Стандарттың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) өткен және ағымдағы күнтізбелік жылдар үшін берілген рұқсаттардың орындалу мерзімі жеткен ерекше шарттарының (олар бар болса) орындалуы туралы (еркін нысанда) ақпарат;

3) жұмыс берушінің басқа әкімшілік-аумақтық бірліктер аумағында жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге арналған шартының, келісімшартының (мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен) сканерленген түрінде нотариат куәландырған көшірмесі (шетелдік қызметкерлердің функционалдық міндеттерін күнтізбелік бір жыл ішінде күнтізбелік алпыс күннен артық бірнеше әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында орындауы қажет болған жағдайда);

4) Стандарттың 3-қосымшасына сәйкес кадрлардағы жергілікті қамту туралы ақпарат (мына адамдарды қоспағанда: шағын кәсіпкерлік субъектілері, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындар, шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға, шетелдік заңды тұлғалар өкілдіктеріне, сондай-ақ басым жобалар мен шығу елдері бойынша квоталар шегінде, арнайы экономикалық аймақтың аумағында берілетін рұқсаттар);

5) рұқсаттың мерзімін ұзартуға негіздеме (еркін нысанда);

6) рұқсаттың нотариат куәландырған көшірмесі.

Жұмысқа орналасуға рұқсат алу немесе ұзарту үшін көрсетілетін қызметті алушы (шетелдік қызметкер) көрсетілетін қызметті берушіге:

- 1) Стандарттың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішті;
- 2) Стандарттың 2-қосымшасына сәйкес шетелдік қызметкер туралы мәліметтерді;

шетелдік қызметкердің біліктілігін растайтын құжаттарды:

1) Қазақстан Республикасының күшіне енген халықаралық шарттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңдастырылған білімі туралы құжаттардың сканерленген түрінде нотариат куәландырған аудармасын (егер құжат мемлекеттік немесе орыс тілдерінде толтырылған болса, көшірмелерін);

2) қызметкер бұрын жұмыс істеген жұмыс берушісінің ресми бланкісінде жазылған қызметкердің еңбек қызметі туралы сканерленген түрінде жазбаша растауы қоса берілген қызметкердің еңбек қызметі туралы ақпаратты (тиісті кәсіп бойынша жұмыс өтілі жөнінде біліктілік талаптары болған кезде) немесе Қазақстан Республикасында танылатын өзге де растаушы құжаттарды ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушы (шетелдік қызметкер) жұмысқа орналасуға рұқсатты қайта ресімдеу үшін көрсетілетін қызметті берушіге:

- 1) Стандарттың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішті;
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін ұсынады.

Рұқсат алу, қайта ресімдеу және ұзарту кезінде өткен және ағымдағы күнтізбелік жылдар үшін берілген рұқсаттардың орындалу мерзімі шетелдік жұмыс күшін тарту кезінде жеткен ерекше шарттардың орындалуы туралы ақпарат:

- 1) шетелдік қызметкерлер қатарындағы:

05-2008 "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің кәсіптері мен мамандықтарының сыныптауышы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыныптауышына енгізілмеген кәсіптер немесе мамандықтар бойынша жұмыс істейтіндерден;

этникалық қазақтар немесе бұрынғы отандастар болып табылатын адамдардан;

- 2) жұмыс берушілер қатарындағы:

кадрлардағы жергілікті қамтуды ұлғайту бағдарламасын іске асыратындардан және Қазақстан Республикасының азаматтарын жалдау, даярлау және шетелдік персоналды қысқарту бойынша міндеттемелері барлардан;

технологиялық жабдықты іске қосу, ретке келтіру және монтаждау бойынша жұмыстарды орындайтын мердігерлерді қоса алғанда, 2010 – 2014 жылдарға арналған Қазақстанды индустрияландыру картасының тізбесіне енгізілген жобаларды іске асыруға қатысатындардан;

"Өнімділік 2020" бағдарламасын іске асыруға қатысатындардан, жоғары білікті шетелдік мамандарды тартуға мемлекеттік қолдау көрсету бойынша оң

шешім алғандардан;

шетелдік жұмыс күшін басым жобалар және шығу елдері бойынша квота шегінде тартатындардан;

шетелдік жұмыс күшін шетелдік заңды тұлғалар өкілдіктеріне тартатындардан;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік мекемелері немесе мемлекеттік кәсіпорындары болып табылатындардан талап етілмейді.

Мемлекеттік қызмет көрсету барысында мынадай мәселелер бойынша құрылымдық бөлімшенің (қызметкердің) іс-әрекеті:

шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру (41 жұмыс күні):

көрсетілетін қызметті берушінің бас маманы көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды тексереді, кіріс құжаттарының журналында және "Шетелдік жұмыс күші" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - "ШЖК" АЖ) тіркейді (20 минуттан аспайды);

көрсетілетін қызметті беруші шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты беру жөніндегі комиссияның ұсынымы бойынша рұқсат беру туралы шешім қабылдайды (15 жұмыс күні ішінде);

көрсетілетін қызметті берушінің бас маманы шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру туралы қабылдаған шешім туралы жұмыс берушіге "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер қоры ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - МДҚ АЖ) арқылы немесе жазбаша хабарлайды - 3 жұмыс күні ішінде;

көрсетілетін қызметті алушы "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ арқылы немесе қағаз түрінде рұқсат беру туралы хабарлама алғаннан кейін жұмыс берушіге 20 жұмыс күні ішінде шетелдік жұмыс күшіне берілген рұқсаттың қолданылу мерзімінің тоқтатылуы бойынша шетелдік жұмыс күшінің Қазақстан Республикасынан шығуына кепілдік беретін құжаттарды ұсынады;

көрсетілетін қызметті берушінің басшысы қол қойғаннан кейін көрсетілетін қызметті берушінің бас маманы "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ арқылы немесе қағаз түрінде қызмет алушыға 3 жұмыс күні ішінде рұқсат береді.

Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты ұзарту (8 жұмыс күні):

көрсетілетін қызметті берушінің бас маманы көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды тексереді, кіріс құжаттарының журналында және "ШЖК" АЖ-да тіркейді - 20 минуттан аспайды;

көрсетілетін қызметті беруші ұсынылған құжаттар негізінде оны қабылдаған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсат мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдайды;

көрсетілетін қызметті берушінің бас маманы шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты ұзарту туралы қабылдаған шешімі жөнінде жұмыс берушіге "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ арқылы немесе 3 жұмыс күні ішінде жазбаша түрде

хабарлайды;

көрсетілетін қызметті берушінің бас маманы "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ арқылы немесе қағаз түрінде қызмет алушыға (қызмет алушы жұмыс берушіге өтініш білдірген жағдайда) рұқсат береді.

Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты қайта ресімдеу (31 жұмыс күні):

көрсетілетін қызметті берушінің бас маманы көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды тексереді, кіріс құжаттарының журналында және "ШЖК" АЖ-да тіркейді - 20 минуттан аспайды;

көрсетілетін қызметті беруші 5 жұмыс күні ішінде рұқсатты қайта ресімдеу туралы шешім қабылдайды;

көрсетілетін қызметті берушінің бас маманы шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты қайта ресімдеу туралы қабылданған шешім туралы жұмыс берушіге "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ арқылы немесе 3 жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды;

көрсетілетін қызметті алушы "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ арқылы немесе қағаз түрінде рұқсат беру туралы хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті берушіге 20 жұмыс күні ішінде шетелдік жұмыс күшіне рұқсаттың қолданылуы мерзімінің тоқтатылуы бойынша шетелдік жұмыс күшінің Қазақстан Республикасынан шығуына кепілдік беретін құжаттарды ұсынады;

көрсетілетін қызметті берушінің басшысы қол қойғаннан кейін көрсетілетін қызметті берушінің бас маманы "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ арқылы немесе қағаз түрінде қызмет алушыға рұқсат береді – 3 жұмыс күні ішінде.

Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға рұқсат беру және оны ұзарту үшін 31 жұмыс күні:

көрсетілетін қызметті берушінің бас маманы көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды тексереді, кіріс құжаттарының журналында және "ШЖК" АЖ-да" тіркейді - 20 минуттан аспайды;

көрсетілетін қызметті беруші ұсынылған құжаттар негізінде оны қабылдаған күннен бастап шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру туралы шешім қабылдайды - 5 жұмыс күні ішінде;

уәкілетті органның бас маманы шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру немесе оны ұзарту туралы қабылданған шешім туралы шетелдік қызметкерге "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ арқылы немесе жазбаша хабарлайды - 3 жұмыс күні ішінде;

көрсетілетін қызметті алушы хабарлама алғаннан кейін көрсетілетін қызметті берушіге рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін оның Қазақстан Республикасынан шығуына кепілдік беретін құжаттарды (банк пен қызметкердің арасындағы шарттың, шетелдік қызметкердің банк шотына кепілдік жарнаның

енгізілгенін растайтын құжаттың көшірмесін) ұсынады - 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде;

көрсетілетін қызметті беруші құжаттардың көшірмелерін алған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға рұқсат береді.

Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға арналған рұқсатты қайта ресімдеу (3 жұмыс күні):

Көрсетілетін қызметті берушінің бас маманы көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды тексереді, кіріс құжаттарының журналында және "ШЖК" АЖ-да тіркейді - 20 минуттан аспайды;

Көрсетілетін қызметті беруші шетелдік қызметкердің жұмысқа орналасуына арналған рұқсатты қайта ресімдейді - 3 жұмыс күні ішінде.

3. Рәсімнің нәтижесі:

көрсетілетін қызмет алушыға (жұмыс берушіге) шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру, қайта ресімдеу және рұқсаттың мерзімін ұзарту;

көрсетілетін қызмет алушыға (жұмыс берушіге) жұмысқа орналастыруға рұқсат беру, қайта ресімдеу және рұқсаттың мерзімін ұзарту болып табылады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

1. Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушінің бас маманы;

көрсетілетін қызметті берушінің басшысы.

2. Рәсімнің (іс-қимылдың) реттілігін сипаттау осы регламенттің 1-қосымшасында (кесте) және 2-қосымшасында (блок-сызба) көрсетілген.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде халыққа қызмет көрсету орталығымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

1. Халыққа қызмет көрсету орталығымен мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінде өзара іс-қимыл жасау қарастырылмаған.

2. Көрсетілетін қызметті алушы (жұмыс беруші) портал арқылы құжаттардың топтамасын тапсырған сәттен бастап мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

рұқсат беру – 41 (қырық бір) жұмыс күні ішінде;

рұқсатты қайта ресімдеу – 31 (отыз бір) жұмыс күні ішінде;

рұқсатты ұзарту – 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының портал арқылы мемлекеттік қызметті алу үшін жүгіну тәртібінің және рәсімнің реттілігі:

1-үдеріс - мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті алу үшін ЖСН-бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) және парольді (автоматтандыру үдерісі) порталға енгізу үдерісі;

1-шарт – порталда тіркелген мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушы туралы деректердің түпнұсқалығын ЖСН/БСН және пароль арқылы тексеру;

2-үдеріс - мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының деректеріне бұзушылықтардың болуына байланысты порталда авторландырудан бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

3-үдеріс - мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті таңдауы, қызметті көрсету үшін сұрату нысанын экранға шығару және мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының нысанды оның құрылымы мен форматтық талаптарын ескере отырып толтыруы (деректерді енгізу);

4-үдеріс - толтырылған нысанға (енгізілген деректерге, қоса берілген сканерленген құжатқа), мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салуға көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ арқылы қол қою;

2-шарт - сәйкестендіру деректерінің сәйкестігін (сұрау салуда көрсетілген ЖСН мен ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН арасындағы), тұтынушының ЭЦҚ тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі және порталда алынып қойған (күші жойылған) тіркеу куәліктерінің тізімінде болмауын тексеру;

5-үдеріс - мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ түпнұсқалығының расталмауына байланысты сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

6-үдеріс – мемлекеттік қызметті алушының ЭЦҚ қойылған құжат қызметін (қызметті алушының сұрауын) ЭҰШ/ЭҮӨШ арқылы ЖАО АЖ-ға жіберу және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманның электрондық мемлекеттік қызметті өндеуі;

7-үдеріс – көрсетілетін қызметті берушінің жауапты маманының мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін (көрсетілетін қызмет алушыға (жұмыс берушіге) шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру, қайта ресімдеу және рұқсаттың мерзімін ұзартуды) қалыптастыруы. Электрондық құжат бас маманының ЭЦҚ-сын пайдалана отыра қалыптастырады және көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жүйесіне порталға жіберіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге қатыстырылатын ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимылының диаграммасы осы регламенттің 3-қосымшасында (диаграмма) берілген.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің

, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібінің сипаттамасы осы регламенттің 4-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-үдерістерінің анықтамалығында көрсетіледі.

Ескерту. 4-бөлім 3-тармақпен толықтырылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 26.08.2014 N 279/8 (жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру, қайта ресімдеу және ұзарту"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне
1-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

1) рұқсат беру мәселесі бойынша көрсетілетін қызметті берушіге өтініш берген кезде:

1	Ис-қимылдың (жұмыс барысының, ағынының) №	1	2	3	4	5
2	Атауы	Көрсетілетін қызметті берушінің бас маманы	Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы	Көрсетілетін қызметті берушінің бас маманы	Көрсетілетін қызметті берушінің бас маманы	Көрсетілетін қызметті берушінің бас маманы
3	Ис-қимылдың үдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және оның сипаттамасы	Көрсетілетін қызметті алушы ұсыған құжаттарды тексереді	Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты беру жөніндегі комиссияның ұсынымдары бойынша рұқсатты беру туралы шешім қабылдайды	Жұмыс берушіні " Е-лицензиялау МДҚ" АЖ арқылы немесе жазбаша түрде қабылданған шешім туралы хабарлайды	Көрсетілетін қызметті алушыдан шетелдік жұмыс күшіне рұқсаттың қолданылуы мерзімінің тоқтатылуы бойынша шетелдік жұмыс күшінің Қазақстан Республикасынан шығуына кепілдік беретін құжаттарды қабылдайды	Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы " Е-лицензиялау МДҚ" АЖ арқылы немесе жазбаша түрде қ о л қойылғаннан құжаттарды қабылдайды
	Кіріс					Көрсетілетін

4	Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім)	құжаттар журналында және "ШЖКТ" АЖ-да тіркейді	Қабылданған шешім туралы хабарламаға қол қояды	Хабарламаны жібереді	Көрсетілетін қызметті берушінің басшысына береді	қызметті алушыға "Е-лицензиялау МДҚ" АЖ арқылы немесе қағаз түрінде рұқсат береді
5	Орындау мерзімдері	20 минуттан аспайды	15 жұмыс күні ішінде	3 жұмыс күні ішінде	20 жұмыс күні ішінде	3 жұмыс күні ішінде

2) рұқсаттың мерзімін ұзарту мәселесі бойынша көрсетілетін қызмет берушіге өтініш берген кезде:

Негізгі рәсімнің (жұмыс барысының, ағынының) іс-қимылы						
1	Іс-қимылдың (жұмыс барысының, ағынының) №	1	2	3	4	5
2	Атауы	Көрсетілетін қызметті берушінің бас маманы	Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы	Көрсетілетін қызметті берушінің бас маманы	Көрсетілетін қызметті берушінің бас маманы	
3	Іс-қимылдың үдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және оның сипаттамасы	(Көрсетілетін қызметті алушы берген құжаттарды тексереді	Рұқсат мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдайды	Жұмыс берушіні хабарламаны алғаннан кейін де шешім қабылданғаны туралы хабардар етеді	Қол қойылған құжаттарды қабылдайды	
4	Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім)	Кіріс құжаттарының журналында және "ШЖК" АЖ-да тіркейді	Қабылданған шешім туралы хабарламаға қол қояды	Хабарламаны жібереді	Көрсетілетін қызметті алушыға "Е-лицензиялау МДҚ" АЖ арқылы немесе қағаз түрінде рұқсат береді	
5	Орындау мерзімдері	20 минуттан аспайды	5 жұмыс күні ішінде	3 жұмыс күні ішінде	Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушіге өтініш білдірген кезінде	

3) рұқсатты қайта ресімдеу мәселесі бойынша қызмет берушіге өтініш берген кезде:

1	Іс-қимылдың (жұмыс барысының, ағынының) №	1	2	3	4	5
2	Атауы	Көрсетілетін қызметті берушінің бас маманы	Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы	Көрсетілетін қызметті берушінің бас маманы	Көрсетілетін қызметті берушінің бас маманы	Көрсетілетін қызметті берушінің бас маманы
3	Іс-қимылдың үдерістің, рәсімнің, операцияның)	(Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған	Рұқсат мерзімін қайта ресімдеу	Жұмыс берушіні хабарламаны алғаннан кейін де шешім	Көрсетілетін қызметті алушыдан шетелдік жұмыс күшіне рұқсаттың қолданылуы мерзімінің тоқтатылуы бойынша шетелдік жұмыс күшінің	Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы "Е-лицензиялау МДҚ" АЖ арқылы немесе

	атауы және оның сипаттамасы	құжаттарды тексереді	туралы шешім қабылдайды	қабылданғаны туралы хабардар етеді	Қазақстан Республикасынан шығуына кепілдік беретін құжаттарды қабылдайды	жазбаша түрде қол қойылғаннан құжаттарды қабылдайды
4	Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім)	Кіріс құжаттарының журналында және "ШЖК" АЖ - да тіркейді	Қабылданған шешім туралы хабарламаға қол қояды	Хабарламаны жібереді	Көрсетілетін қызметті берушінің басшысына береді	Көрсетілетін қызметті алушыға " Е-лицензиялау МДҚ" АЖ арқылы немесе қағаз түрінде рұқсат береді
5	Орындау мерзімі	20 минуттан аспайды	5 жұмыс күні ішінде	3 жұмыс күні ішінде	20 жұмыс күні ішінде	3 жұмыс күні ішінде

4) Шетелдік жұмыскерге жұмысқа орналасуға арналған рұқсатты беру мен мерзімін ұзарту мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушіге өтініш берген кезде:

Негізгі рәсімнің (жұмыс барысының, ағынының) іс-қимылы						
1	Іс-қимылдың (жұмыс барысының, ағынының) №	1	2	3	4	5
2	Атауы	Көрсетілетін қызметті берушінің бас маманы	Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы	Көрсетілетін қызметті берушінің бас маманы	Көрсетілетін қызметті берушінің бас маманы	Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы
3	Іс-қимылдың (үдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және оның сипаттамасы	Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды тексереді	Жұмысқа орналасу туралы рұқсат беру және мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдайды	Жұмыс берушіні алғаннан кейін де шешім қабылданғаны туралы хабардар етеді	Көрсетілетін қызметті алушыдан рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін оның Қазақстан Республикасынан шығуына кепілдік беретін құжаттарды (банк пен қызметкердің арасындағы шарттың, шетелдік қызметкердің банк шотына кепілдік жарнаның енгізілгенін растайтын құжаттың көшірмесін) қабылдайды	Ұсынылған құжаттарды қабылдайды
4	Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім)	Кіріс құжаттарының журналында және "ШЖК" АЖ - да тіркейді	Қабылданған шешім туралы хабарламаға қол қояды	Хабарламаны жібереді	Көрсетілетін қызметті берушінің басшысына береді	Рұқсат береді
5	Орындау мерзімі	20 минуттан аспайды	5 жұмыс күні ішінде	3 жұмыс күні ішінде	20 жұмыс күні ішінде	3 жұмыс күні ішінде

5) жұмысқа орналасуға арналған рұқсатты қайта ресімдеу мәселесі бойынша көрсетілетін қызметті берушіге өтініш берген кезде:


Негізгі рәсімнің (жұмыс барысының, ағынының) іс-қимылы

1	Іс-қимылдың (жұмыс барысының, ағынының) №	1	2
2	Атауы	Көрсетілетін қызметті берушінің бас маманы	Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы
3	Іс-қимылдың (үдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және оның сипаттамасы	Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарын тексереді	Рұқсаттың мерзімін қайта ресімдеу туралы шешім қабылдайды
4	Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім)	Кіріс құжаттарының журналында және "ШЖК" АЖ-да тіркейді	Рұқсатты қайта ресімдейді
5	Орындау мерзімі	20 минуттан аспайды	3 жұмыс күні ішінде


"Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру, қайта ресімдеу және ұзарту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне
2-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттауды көрсететін сызба


1) көрсетілетін қызметті алушы шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты беру жөніндегі мәселесі бойынша көрсетілетін қызметті берушіге өтініш білдірген кезде (41 жұмыс күні)




2) көрсетілетін қызметті алушы шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттың мерзімін ұзарту жөніндегі мәселесі бойынша көрсетілетін қызметті берушіге өтініш білдірген кезде (8 жұмыс күні)



3) көрсетілетін қызметті алушы шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты қайта ресімдеу жөніндегі мәселесі бойынша көрсетілетін қызметті берушіге өтініш білдірген кезде (31 жұмыс күні)



4) көрсетілген қызметті алушы шетел жұмыскеріне жұмысқа орналасуға арналған рұқсатты беру және мерзімін ұзарту жөніндегі мәселесімен көрсетілетін қызметті берушіге өтініш білдірген кезде (31 жұмыс күні)




4) көрсетілген қызметті алушы жұмысқа орналасуға арналған рұқсатты қайта ресімдеу жөніндегі мәселесімен көрсетілетін қызметті берушіге өтініш білдірген кезде (3 жұмыс күні)



"Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру, қайта ресімдеу және ұзарту"

мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне
3-қосымша

Портал арқылы электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі функционалдық іс-қимылдың диаграммасы



Шартты белгілер:




Бастапқы хабарлама



Аяқтаушы хабарлама



Ақпараттық орта



Үдеріс



Шарт



Басқару ағыны



Хабарламалар ағыны




Соңғы тұтынушыға электрондық құжат


"Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру, қайта ресімдеу және ұзарту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне
4-қосымша

Рұқсат беру мәселесі бойынша "Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру, қайта ресімдеу және ұзарту" мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы


Ескерту. Регламент 4-қосымшамен толықтырылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 26.08.2014 N 279/8 (жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.




Рұқсаттың мерзімін ұзарту мәселесі бойынша жүтінген кезде "Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру, қайта ресімдеу және ұзарту" мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы




Рұқсатты қайта ресімдеу мәселесі бойынша "Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру, қайта ресімдеу және ұзарту" мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



Шетелдік жұмыскерге жұмысқа орналасуға арналған рұқсатты беру мен мерзімін ұзарту мәселелері бойынша "Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру, қайта ресімдеу және ұзарту" мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



Жұмысқа орналасуға арналған рұқсатты қайта ресімдеу мәселелері бойынша "Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру, қайта ресімдеу және ұзарту" мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы мен аяқталуы;
- көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) ҚФБ атауы;
- ◆ - таңдау нұсқасы;
- - келесі рәсімге (іс-қимылға) өту

Павлодар облысы әкімдігінің
2014 жылғы "24" сәуірдегі
№ 136/4 қаулысымен
бекітілді

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау"

мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) осы регламенттің 1-қосымшасына сәйкес облыстық маңызы бар қалалар мен аудандардың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Сондай-ақ мемлекеттік қызмет:

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің "Халыққа қызмет көрсету орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – ХҚО);

кент, ауыл, ауылдық округ әкімі (бұдан әрі – әкім) арқылы көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау туралы хабарлама немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 217 қаулысымен бекітілген "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Стандарт) 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

1. Мемлекеттік қызметті көрсету жөніндегі рәсімді (іс-қимылды) бастау үшін негіздеме:

- 1) Стандарттың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) Стандарттың 2-қосымшасына сәйкес отбасы құрамы туралы мәліметтер;
- 3) Стандарттың 3-қосымшасына сәйкес адамның (өтініш берушінің отбасы мүшелерінің) алған табыстары туралы мәліметтер;
- 4) Стандарттың 4-қосымшасына сәйкес жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы мәліметтер;
- 5) көрсетілетін қызметті алушының (отбасы мүшелерінің) тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі не мекенжай анықтамасы;
- 6) жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысқан жағдайда әлеуметтік келісімшарт болып табылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) – 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың бланкілері мемлекеттік қызметті көрсету орындарында көрсетілетін

қызметті алушыларға беріледі және олар өздері толтырады. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 5) тармақшасында көрсетілген құжат түпнұсқада беріледі. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 6) тармақшасында көрсетілген құжат салыстырып тексеру үшін түпнұсқа мен көшірмеде беріледі, содан кейін түпнұсқасы көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Көрсетілген құжаттардағы ақпарат мемлекеттік ақпараттық жүйелерде расталған кезде көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсыну талап етілмейді.

2. Көрсетілетін қызметті беруші егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде көрсетілетін қызметті берушіге тіркелген және мемлекеттік қызметті алатын күні, құжаттарды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген өтініштің үзбелі талоны беріледі – 15 минуттың ішінде.

Көрсетілетін қызметті берушінің бас маманы көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды тексереді, кіріс құжаттар журналында тіркейді, хабарлама немесе Стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты дайындайды – 4 (төрт) жұмыс күні ішінде.

Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау туралы хабарламаға немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қояды - 1 (бір) жұмыс күні ішінде.

Көрсетілетін қызметті берушінің бас маманы көрсетілетін қызметті алушыға (немесе оның өкіліне сенімхат бойынша) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау туралы хабарламаны немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты өзі келгенде береді немесе көрсетілетін қызметті алушының өтінішінде көрсетілген мекенжайға пошта арқылы жібереді – 1 (бір) жұмыс күні ішінде.

3. Рәсімнің нәтижесі мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау туралы хабарламаны немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты беру болып табылады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

1. Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушінің бас маманы;
көрсетілетін қызметті берушінің басшысы.

2. Рәсімнің (іс-қимылдың) реттілігін сипаттау осы регламенттің 2-қосымшасында (кесте) және 3-қосымшасында (блок-сызба) көрсетілген.

4. Халыққа қызмет көрсету орталығымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібін сипаттау

1. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін Стандарттың 9-тармағының талаптарына сәйкес қажетті құжаттар мен ақпараттарды ұсына отырып, ХҚО-ға жүгінеді.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі көрсетілетін қызметті алушы ХҚО-ға құжаттардың топтамасын тапсырған сәттен бастап – 7 (жеті) жұмыс күні ішінде.

ХҚО-ға жүгіну тәртібінің сипаттамасы, мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушы сұрауының өңделу ұзақтығы, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу тәртібі:

1-үдеріс - мемлекеттік қызмет көрсету үшін ХҚО ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – ХҚО АЖ) операторын авторландыру үдерісі;

1-шарт – логин және пароль немесе электрондық цифрлық қол (бұдан әрі – ЭЦҚ) арқылы тіркелген оператор туралы деректердің түпнұсқалығын ХҚО АЖ-да тексеру;

2-үдеріс ХҚО операторының деректерінде бұзушылықтар болуына байланысты ХҚО АЖ-да авторландырудан бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

3-үдеріс – ХҚО операторының мемлекеттік қызметті таңдауы, қызметті көрсетуі үшін сұрау салу нысанын оның құрылымы мен форматтық талаптарын ескере отырып, экранға шығару және нысанды (жеке тұлғалар үшін де деректер енгізу, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқықты куәландыратын сканерленген құжатты бекіту) толтыру;

4-үдеріс – ХҚО операторының мемлекеттік қызметті көрсетуге сұраудың

толтырылған нысанына (енгізілген деректерге, сканерленген құжатқа) ЭЦҚ арқылы қол қоюы оператордың бұдан кейінгі әрекеттері туралы ақпарат алу;

2-шарт - сәйкестендіру деректерінің сәйкестігін (сұрау салуда көрсетілген жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) мен ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН арасындағы), ЭЦҚ тіркеу куәлігінің қолдану мерзімі мен ХҚО АЖ-да алынып қойған (күші жойылған) тіркеу куәліктерінің тізімінде болмауын тексеру;

5-үдеріс - оператордың ЭЦҚ түпнұсқалығының расталмауына байланысты сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

6-үдеріс – мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған құжат қызметін (қызметті алушының сұрауын) "электрондық үкіметтің" шлюзі (бұдан әрі – ЭҮӨШ) / "электрондық үкіметтің" өңірлік шлюзі (бұдан әрі – ЭҮӨШ) арқылы жергілікті атқарушы орган ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – ЖАО АЖ) жіберу және жауапты маманның электрондық мемлекеттік қызметті өндеуі;

7-үдеріс – бөлімнің жауапты маманының мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін (мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау туралы хабарламаны) қалыптастыруы. Электрондық құжатты бөлімінің жауапты маманы ЭЦҚ-ны пайдаланып қалыптастырады және ХҚО-ның ақпараттық жүйесіне жібереді;

8-үдеріс – ХҚО қызметкерінің мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесін (мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау туралы хабарламаны) көрсетілетін қызметті алушының қолына беруі немесе электрондық поштасына жіберуі.

Барлық қажетті құжаттар тапсырылғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы:

- 1) өтініштің нөмірі мен қабылданған күні көрсетілген өтініш;
- 2) сұрау салынған мемлекеттік көрсетілетін қызмет түрі;
- 3) қоса берілген құжаттардың саны мен атауы;
- 4) құжаттардың берілетін күні (уақыты) мен орны;
- 5) орталықтың құжаттарды ресімдеуге өтінішті қабылдаған қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты;

б) көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты, көрсетілетін қызметті алушы өкілінің тегі, аты, әкесінің аты және олардың байланыс телефондары көрсетілген қолхат беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, ХҚО-ның қызметкері құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге қатыстырылатын ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимылының диаграммасы осы регламенттің 4-қосымшасында (диаграмма) берілген.

2. Әкімге өтініш білдірген кезде:

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттардың тізімімен Стандарттың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішті ұсынады.

Көрсетілетін қызметті берушіге тіркелген және мемлекеттік қызметті алатын күні, құжаттарды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген өтініштің үзбелі талоны беріледі – 15 минуттың ішінде.

Әкімдіктің бас маманы өтінішті кіріс құжаттар журналында тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыдан алынған құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге береді – 5 (бес) жұмыс күні ішінде.

Көрсетілетін қызметті берушінің бас маманы әкімдіктің бас маманы ұсынған құжаттарды тексереді, кіріс құжаттар журналында тіркейді, хабарламаны немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты дайындайды - 5 (бес) жұмыс күні ішінде.

